

**"Көмірсутектер, газ және газбен жабдықтау саласында екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды және екінші санаттағы рұқсаттарды беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 918 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 6 мамырдағы № 276 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Көмірсутектер, газ және газбен жабдықтау саласында екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды және екінші санаттағы рұқсаттарды беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 918 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 68-69-70, 428-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2020 жылғы 6 мамырдағы  
№ 276 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2017 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 918 қаулысына  
2-қосымша

**Көмірсутектер саласында екінші санаттағы рұқсаттарды беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар**

Р/с №	Екінші санаттағы рұқсаттар	Уәкілетті орган	Келісуші мемлекеттік орган
1	2	3	4
1.		Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті

Теңіздегі объектілерді құруға және орналастыруға рұқсат	Энергетика министрлігі	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі
		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК